



**МИНИСТЕРСТВО НАУКИ И ВЫСШЕГО ОБРАЗОВАНИЯ РК
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМ. Л.Н. ГУМИЛЕВА
ФАКУЛЬТЕТ СОЦИАЛЬНЫХ НАУК
КАФЕДРА ПЕДАГОГИКИ
КАФЕДРА ПСИХОЛОГИИ**

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

**Международного научно-методического семинара:
«АНАЛИЗ УЧЕБНЫХ ПРОГРАММ В КОНТЕКСТЕ РАЗВИТИЯ «ЗЕЛЕННЫХ»
УЧЕБНЫХ ЗАВЕДЕНИЙ»**

**В рамках проекта ИРН AP14869631 «Модель «зеленая школа – зеленый колледж
– зеленый университет» как система развития экологизации образования»**

**28 ОКТЯБРЯ 2022 Г.
АСТАНА, РЕСПУБЛИКА КАЗАХСТАН**

МИНИСТЕРСТВО НАУКИ И ВЫСШЕГО ОБРАЗОВАНИЯ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
НАО «ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМ. Л.Н. ГУМИЛЕВА»
ФАКУЛЬТЕТ СОЦИАЛЬНЫХ НАУК
КАФЕДРА ПЕДАГОГИКИ
КАФЕДРА ПСИХОЛОГИИ



МОСКОВСКИЙ ГОСУДАРСТВЕННЫЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМ. М.В. ЛОМОНОСОВА
ФАКУЛЬТЕТ ПЕДАГОГИЧЕСКОГО ОБРАЗОВАНИЯ

ОБЩЕСТВЕННЫЙ СОВЕТ БАЗОВОЙ ОРГАНИЗАЦИИ ПО ЭКОЛОГИЧЕСКОМУ
ОБРАЗОВАНИЮ СТРАН СНГ

КЫЗЫЛОРДИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ КОРКЫТ АТА

НЕПРАВИТЕЛЬСТВЕННЫЙ ЭКОЛОГИЧЕСКИЙ ФОНД ИМЕНИ В.И. ВЕРНАДСКОГО

ШКОЛА-ЛИЦЕЙ N101 ИМ.А. МУСЛИМОВА «ЗЕЛЕНАЯ ШКОЛА»,
(Г.КЫЗЫЛОРДА. РЕСПУБЛИКА КАЗАХСТАН)

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

Международного научно-методического семинара:
«АНАЛИЗ УЧЕБНЫХ ПРОГРАММ В КОНТЕКСТЕ РАЗВИТИЯ «ЗЕЛЕННЫХ»
УЧЕБНЫХ ЗАВЕДЕНИЙ»

28 октября

г. Астана – 2022

УДК 378(08)
ББК 74.48я431
А 64

*Выполнено в рамках научного проекта ИРН АР14869631
«Модель «зеленая школа – зеленый колледж –
зеленый университет» как система развития экологизации образования»*

Рецензенты:

Менлибекова Гильбахыт Жолдасбековна – доктор педагогических наук, профессор ЕНУ им. Л.Н. Гумилева, г. Астана, Казахстан

Молдабекова Сандугаш Каирхановна – PhD, ассоциированный профессор кафедры педагогики и психологии Кокшетауского университета им. Ш.Уалиханова, г. Кокшетау, Казахстан

Главный редактор:

Длимбетова Гайни Карекеевна

д.п.н., профессор Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилёва,
г.Астана, Казахстан

Редакционная коллегия:

Булатбаева К.Н., д.п.н., профессор Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилёва, г. Астана, Казахстан;

Саипов А.А., д.п.н., профессор Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилёва, г. Астана, Казахстан;

Курманбаев Р.Х., к.б.н., профессор Кызылординского университета имени Коркыт Ата, г. Кызылорда, Казахстан;

Абенова С.У., PhD, старший преподаватель кафедры педагогики Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилёва, г. Астана, Казахстан;

Дукомбайев А.Т., магистр гуманитарных наук, магистр истории Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилёва, г. Астана, Казахстан;

Әкіміш Д.Е., магистр педагогических наук Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилёва, г. Астана, Казахстан.

Технический редактор – Табаран Д.А., магистрант Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилёва, г. Астана, Казахстан.

А 64 «Анализ учебных программ в контексте развития «зеленых» учебных заведений»: Сборник матер. Межд. науч.-метод. семин. /– Астана, 28 октября, 2022 г. – Астана: типография ИП «Булатов А.Ж.», 2022. - 278 с.

ISBN 978-601-337-781-0

Настоящий сборник составлен по материалам международного научно-методического семинара «Анализ учебных программ в контексте развития «зеленых» учебных заведений», состоявшегося 28 октября 2022 года в ЕНУ имени Л.Н. Гумилева (г. Астана).

Материалы семинара предназначены для ученых, педагогов-предметников высших, средних учебных заведений, магистрантов, докторантов PhD и аспирантов, международных экспертов, представителей общественных организаций.

Материалы публикуются в авторской редакции, и редколлегия не несёт ответственности за содержание авторских материалов.

УДК 378(08)
ББК 74.48я431

ISBN 978-601-337-781-0

© ЕНУ им.Л.Н.Гумилева, 2022

шественников. Благодаря данному клубу, можно обеспечить тесную связь между учащимися, а также развивать экологическое воспитание.

Участники, которые будут предлагать и реализовывать экологические инициативы на волонтерских началах, получают целый спектр навыков, опыт организаторской работы, полезные знакомства. Все это может способствовать их успешной учебе в экологической сфере и не только.

Должна быть инструкция, где каждый шаг - от подготовки и обсуждения идеи с руководством школы, до проведения мероприятий - описан максимально доступно. В качестве иллюстраций приводятся кейсы организации, где уже внедрен в виде акций или на постоянной основе. Проводить акции используя многообразные альтернативы одноразовым вещам, проводя мастер-классы по апсайклингу - творческой переработке ненужных вещей - и пр. Поэтому необходимо создать методичку для учащихся «Как сделать школу «зеленой».

На основании данного проекта сделать эко-школу, у учащихся будет формироваться свое видение «зеленой» школы. Как результат – они понимают решающую роль школы в улучшении экологической ситуации района, города и даже области».

Зачем школе «зеленеть»?

Внедряя экологические мероприятия, учителя и учащиеся делают реальные шаги для сохранения природных ресурсов и развития экологического мышления. Кроме того, школа улучшает свой имидж.

Предлагаю создать рейтинг «зеленых» школ г. Астаны – который будет направлен на формирование экологической культуры и внедрение «зеленых» практик в деятельность других школ страны. Критерии для оценивания:

- окружение и инфраструктура,
- культура обращения с отходами,
- водосбережение,
- энергосбережение,
- просвещение и формирование экологической культуры,
- углеродный след,
- транспортный след.

Список литературы:

1. Автор. Источник. – М, 2011. – 344с. 2. Автор. Источник // Научный журнал «Вестник ЕНУ имени Л.Н.Гумилева». – Алматы, 2017. – С.3-13.

УДК 911.9

«ЖАСЫЛ МЕКТЕП» МОДЕЛІ АЯСЫНДА ОҚУШЫЛАР БІЛІМІН ЭКОЛОГИЯЛЫНДЫРУҒА БАҒЫТТАЛҒАН МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫНЫҢ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ ТУРАЛЫ ҒЫЛЫМИ МӘЛІМЕТТЕР МАЗМҰНЫ

Тұрлыбай Жұлдыз Қадырбекқызы

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан

zhuldiz.00@mail.ru

Ғылыми жетекшісі - Саипов Абдимәжит Аманжолович

Аңдатпа: Мақала қазіргі таңда өзекті мәселе болып табылатын оқушылар білімін экологияландыруға арналған. Мектеп жасындағы балаларды экологиялық мәдениетке үйрету арқылы теориялық білімдерін тәжірбиемен ұштастыру негізгі мақсат болып табылады. Негізгі зерттеу нысаны ретінде - Маңғыстау облысы қаралып, оның экологиялық мәселелерін айқындап, шешу жолдары қарастырылды. «Жасыл мектеп» моделі аясында аталған құндылықтарды ескеріп, оқушылардың географиялық білімдерін экологияландыру шаралары бойынша ұсыныстар жасалды.

Түйін сөздер: экология, Маңғыстау обылысы, экологиялық білім, Жасыл мектеп, қоршаған орта.

Экологиялық білім беру қазіргі уақыттағы әлемдік басты назарда тұрған мәселелердің бірі. Оған себеп, ең алдымен адамның табиғатпен қарым қатынасының тығыздығы және оның салдары экологиялық қиын жағдайға әкеліп соқтыру мүмкіндігі. Келесі маңызды себептердің бірі биосфераны сақтап қалу мақсатында адамдардың табиғатқа деген көзқарасын түбегейлі өзгерту арқылы жаңа экологиялық мәдениетті қалыптастыру болып табылады. Сондай ақ, антропогендік түрдегі (табиғи ресурстардың азаюы, биоалуантүрліліктің төмендеуі, қоршаған орта жағдайының төмендеуі, зиянды қосылыстардың көбеюі және т.б.) экологиялық проблемалардың пайда болуы экологиялық білім берудің маңыздылығын көрсетеді [1].

Қазіргі таңда білім беретін мектептерде барлық пәндермен байланыстыра отырып экологиялық білім беру мәселесі қолға алынған. Қазақстан Республикасының Қоршаған ортаны қорғау туралы заңының 89 бабына сәйкес басқа салалармен қатар педагогикалық жағынан шешілуі керек міндеттер белгіленіп, экологиялық тәрбие мен білім берудің жалпыға бірдей және үздіксіз жүргізілуі қажеттілігі көрсетіледі.

«Сондықтан жас кезінен бастап қазақстандықтардың экологиялық мәдениетін арттыру, экологиялық білім беру бұрынғыдан да өзекті. Біз балаларға жауапкершілікті, адамгершілікті, қоршаған ортаға ұқыпты қарауды үйретуіміз керек. Біздің министрлік тиісті бастамаларға, оның ішінде білім және ғылым министрлігімен бірлесіп, мектептерде осындай пәнді енгізу мәселесін пысықтауға барлық қолдау көрсетуге дайын», - деп ҚР Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі де балалардың экологиялық білімі тек мектептегі тиісті пәнмен шектелмеуі керек екендігін айтып, бұл бүкіл қоғамның, барлық мүдделі мемлекеттік органдардың, сондай-ақ мұғалімдердің, сарапшылардың және ең алдымен ата-аналардың кешенді жұмысы болуы керектігін ескерді, себебі тәрбие, өздеріңіз білетіндей, отбасынан басталатыны сөзсіз [2]. Аталған мәселелер өзектілігін ескере отырып, зерттеу тақырыбы «оқушылардың экологиялық мәдениетін қалыптастыру мақсатында «Жасыл мектеп» моделі негізінде олардың қоршаған ортамен байланысын нығайта отырып білімдерін экологияландыру» деп таңдалды. Эко білім беруді және қоршаған ортаға жанашырлық танытуды дамытуға бағытталған «Жасыл мектеп» жобасы Болат Өтемұратов қорының қолдауымен бастау алған бірегей жобалардың бірі болып табылады. Негізі мақсаттарының бірі тәжірибелік жұмыстар негізінде білімдерін тәжірибемен ұштастыру. Яғни, оқушылар алған теориялық білімдерді мектептерде түрлі тәжірибелік жұмыстар орындай отырып, олардың практикалық маңызын ұғынып, табиғат әлеміне деген қызығушылығын арттыра алады, табиғатты аялауға, қоршаған ортаны бағалауға дағдыланады. « «Жасыл мектептер» жобасы жыл бойы жұмыс істейтін жоба. Ол оқушылардың экологиялық проблемаларды түсініп, еңбекқор болып өсуіне зор әсерін тигізетініне сенімдімін. Әр бала өсімдіктің қалай өсетінін, оған қандай күтім керек екенін көріп, біледі. Бұл келешекте пайдасын тигізетін білім болары анық», - деп атап өтті Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі Мектепке дейінгі және орта білім комитетінің төрағасы Гүлмира Каримова [3]. Бұл жоба негізінде Астана, Алматы қалаларында жыл бойы жасайтын жылыжайлар салынып, қалдықтарды сұрыптау және қайта пайдалану бойынша қосымша шеберлік дәрістері, сондай-ақ мектептер арасында макулатура жинаудан байқау секілді көптеген түрлі шаралар ұйымдастырылуда. Маңыздылығы жоғары бұл жоба әлі Маңғыстау облысында жүзеге асырылмаған. Аталған құндылықтарды іске асыру мақсатында, яғни облыс оқушыларының туған өлкесі бойынша географиялық білімдерін экологияландыруға бағытталған, облыстың экологиялық мәселелері бойынша ғылыми негізделген келесі мазмұнды мәліметтер ұсынылады.

Маңғыстау облысының экологиялық жағдайы оның еліміздің батыс аймағында орналасуына сай табиғи-климаттық жағдайларға және ортаға антропогендік әсерге тікелей байланысты. Флора мен фаунаның жай-күйіне және адамдардың денсаулығына әсер ететін табиғи-климаттық факторларға мыналар жатады: аумақтың құрғақтығы (шөлді аймақ), ылғалдың жетіспеушілігі, құрғақшылық, желдің жоғары қайталануы, топырақты пайдалануды қиындататын оның тастылығы мен тұздылығы, су ресурстарының өте тапшылығы және салыстырмалы түрде кедей жануарлар әлемі. Аталған табиғи факторлардың жиынтығы аумақтың осалдығының жоғарылауын көрсетеді және оған аса назар аударуды қажет етеді.

Қоршаған ортаны қорғау мәселесіне бойыша облысымызда атқарылып жатқан жұмыстар аз емес, алайда мәселелер де бірінен соң бірі туындап отырғанын жоққа шығара алмаймыз. Бұл зерттеу жұмыста ең өзекті деген бірнеше проблемаға тоқталған жөн саналды.

Облыс бойынша экологиялық тұрақсыздық деңгейі шиеленісті болып табылады. Ал бұл экологиялық шиеленістің көздері: Каспий теңізі деңгейінің үздіксіз көтерілуі, жағалаулардың су басуы және абразиясы. Мұнай өндіру нәтижесінде қоршаған ортаның ластануы, топырақты ластау, уран-фосфорлы кеніштердің үйінділерін шашырату, Ақтау қаласында атом буландырғышының жұмыс істеуінің ықтимал қауіптілігі, антропогендік шөлейттену процесстерінің белсенді көрінісі, қара жолдардың ретсіз төселуі, газ және мұнай құбырларын салу, мұнай өндіру кезінде ілеспе газды кәдеге жарату мәселесі.

Экологиялық шиеленіс аудандарының бірі, өңірдің басты экологиялық проблемасы ретінде «Қошқар-Ата» қалдық қоймасын айтуға болады. Бір кездері мұнда Каспий аймақтық тау-кен металлургия комбинатының үш зауытынан барлығы 105 млн. тоннадан астам қалдықтары жиналған. Өз кезегінде бұл жиынтық белсендігі 11,2 мың кюри және 51,8 млн. тонна әлсіз радиоактивтік қалдықтың жиналуына әкеп соқты. Ойпаттың оңтүстік бөлігінде арнаулы жоба жасақталмастан 1994 жылға дейін химиялық-гидрометаллургиялық зауыттың қатты радиоактивті қалдықтары көмілген [4].

Бұл мәселені шешу үшін, бүгінге «Қошқар-Ата» қалдық қоймасын қалпына келтіру» І кезең» жобасы бойынша 905 гектар жерге рекультивация жұмыстары жалғасуда («Павлодар өзен порты» АҚ). Тиісті қаражат республикалық бюджеттен қарастырылған (3 млрд.теңге). Қазіргі таңда 120 гектарға рекультивациялау жұмыстары жүргізілді және 40 гектар жерге қара сексеуіл отырғызу жұмыстары басталды (100 мың түп қара сексеуіл көшеттерін отырғызу, 2021-2023 жылдарға 125,6 млн.теңге келісімшарт жасалды). Жалпы жоспарланған жұмыстарды аяқтау арқылы 105 млн.тоннадан астам уытты, оның ішінде 52 млн.тоннадай әлсіз радиоактивтік қалдықтарды толық көмуге мүмкіндік болады [5].

Шөлейттену мәселесі де облыстың әрбір тұрғынын мазалайтын өзекті проблемалардың бірі болып табылады. Ескере кететін жайт, өткен ғасырдың екінші жартысынан бастап өңіріміздің қарқынды игерілуі қоршаған ортаға түсетін антропогендік фактордың салмағын еселей түскендігі белгілі. Биоалуантүрліліктің кемуі де соның бір көрінісі. Облыстың құм массивтерінің қысы-жазы жайылым ретінде пайдаланылуы және ірі құм массивтерінің жер асты су көздерінің игерілуі, жергілікті тұрғындардың орман ресурстарын отын ретінде пайдаланылуы құм сілемдерінің көшуіне әкелді. Мұндай жағдай Маңғыстау ауданындағы «Бостанқұм», «Қызылқұм» және Қарақия ауданындағы «Түйесу» құм массивтерінде көрініс алды. Аталған құм массивтерінің жанында орналасқан Ұштаған, Сенек, Шебір және Тұщықұдық ауылдарының тұрғындары табиғаттың тепе-теңдігінің бұзылуының салдарларының куәсі болды.

Экологиялық ахуалды жақсарту мақсатында құм тоқтату жұмыстары жалғасуда. 2021 жылы Ұштаған, Тұщықұдық, Шебір, Сенек ауылдарында құм тоқтату жұмыстары толықтай аяқталып, жалпы 3 236 гектар жасыл желектер (қара сексеуіл) пайда болды (Ұштаған – 648,8 га, Тұщықұдық – 847,4 га, Шебір – 451,8 га, Сенек – 1288 га. Алдағы уақытта Жарма, Сауысқан және Сазды ауылдарын құм көшкінінен қорғау жұмыстары жалғасады (3 ауылға дайындалған 6 жылдық жоба бойынша барлығы 134,02 га жерге 327 152 бірлік өсімдіктерді өсіруге – 423 млн.теңге қарастырылды (сексеуіл - 40%, жүзгін - 30%, томирикс - 30%) [6].

Өзекті мәселелердің бірі, Каспий теңізінің экологиялық жағдайы және оны қорғау бойынша жасалынып жатырған жұмыстар. Каспий теңізінің негізгі экологиялық проблемалары оның биологиялық ресурстарының сарқылуымен, көмірсутек шикізатын өндіру және тасымалдауды жүзеге асыру нәтижесінде мұнаймен ластануымен байланысты. Каспий теңізінің экологиялық проблемаларын шешудің бірден-бір тиімді стратегиясы Каспий маңы мемлекеттерінің табиғатты қорғау күш-жігерін жандандыру және оларды өңірлік деңгейде шоғырландыру болып табылады. Су қоймасының бетіндегі мұнай пленкасы судың атмосферамен газ алмасуын нашарлатады, аэрация жылдамдығын баяулатады (судың оттегімен қанығуы) және мұнайдың тотығуынан пайда болатын көмірқышқыл газын кетіреді. Тек бір тонна мұнайдың өзі теңіз бетінің 12 км-ге дейін жаба алады. Мұнайдың әр тамшысы теңіз бетінің 20 шаршы метрін өткізбейтін пленкамен жабады. Бұл барлық физика-химиялық

процестерді өзгертеді: судың беткі қабатының температурасы жоғарылайды, газ алмасу нашарлайды, тірі организмдер өледі немесе қауіпті жерлерден кетеді. Және су түбіне тұндырылған мұнай 10 жыл немесе одан да көп уақыт бойы сақталуы мүмкін, солай төменгі ағзаларды уландырады. Каспийдің, әсіресе оның таяз солтүстік бөлігінің ерекшелігі -бекіре тұқымдас балықтар мен құстардың ұяларына өлімге әкелетін бір ауыр мұнай төгілуі жеткілікті. Сарапшылардың бағалауы бойынша, Каспий маңындағы барлық мемлекеттер үшін теңіздің балық байлығын жоғалтудың жыл сайынғы шығыны 15 миллиард долларға жетуі мүмкін. Теңізде мұнайдың төгілуінің алдын алу және оны жою жөніндегі өңірлік жоспары әзірленіп облыс әкімдігінің қаулысымен бекітілді. Сонымен қатар, жер үсті өзен сулары облыс бойынша жоқ екені белгілі. Ал облыс аумағы жер асты су ресурстарымен және де Каспий теңізі айдынымен қамтылған.

Маңғыстау облысының табиғи ресурстар және табиғат ресурстарды пайдалануды реттеу басқармасы Каспий теңізінің Маңғыстау бөлігін қорғау аясында біршама жұмыстар атқарды. Атап айтқанда, 1399,5 қашықтықты құрайтын Түрікменстан шекарысынан Атырау облысының шекарасына дейін су қорғау аймақтары мен белдеулері орналастырылды. Жыл сайын Экологиялық зерттеу зертханасы Маңғыстау облысының теңіз портының және де мұнай кен орындарының Каспий теңізінің жағалауларына техногенді әсерлерін кешенді зерттеу жұмыстарын жүргізеді. 2016 жыл аясында Экологиялық зерттеу зертханасы Гидробиология бөлімімен толысып Каспий теңізінің гидрофлора және гидрофауна жағдайын зерттеуге мүмкіндік алды. Зерттеу жұмыстарының қорытынды есебі экология департаменті, геология және жер қойнауын пайдалану инспекциясы және де мамандырылған табиғатты қорғау прокуратурасына анықталған экологиялық бұзушылықтарды жоюға шара қолдануға жіберіліп отырады [7].

Каспий теңізінің экологиялық жағдайы облыс тұрғындарын алаңдатуы керек мәселелердің бірі екені мәлім. Соңғы болып жатқан жайттар, мысалы Каспий итабалығына деген дөрекі әрекеттер, олардың жаппай жағаға шығып өліп жатуы, Каспий теңізіне жағалаудан өндіріс қалдықтарын төгуі, жағалалаулардың қоқыстармен бүлінуі өскелең ұрпаққа экологиялық мәдениеттің маңыздылығын жете түсіндіруді талап етеді. Егер де біз кішкентайынан оқушыларды қоршаған ортаны аялауға, қарапайым өз туған өлкесіндегі антропогендік фактордың нәтижесінде орын алып жатырған проблемаларды көрсете отырып, табиғатты қорғауға үйретсек болашақта болатын қауіп қатерді алдына ала аламыз. Ол үшін қарапайым тазалық шараларынан бастауымыз керек. Әрине бұндай шаралар обылыс бойынша орындалып жатқан жоқ емес. Десе де, мектеп жасындағы балаларға кішкентайынан қоршаған ортаның тазалығының маңыздылығын түсіндіру болашақ табиғат қорғаушылардың өсуіне үлкен себепкер болады. Жануарларға деген құрметті арттыру, жағалауларға қоқыс тастамау секілді іс-әрекеттерді орындаудың өзі үлкен ерлік екендігін айқындай отырып, экологиялық білімді арттыру негізгі міндет болып табылады.

Топырақ-өсімдік жамылғысын қорғау мәселелері өте өзекті. Мұнай және газ кен орындарын игеру кезінде ауыл шаруашылығы жерлерінің үлкен алқаптары алынады. Сонымен, бұрғылау мұнарасынан 500-800 м радиуста өсімдіктер 70-80% жойылады, ал 100 м радиуста сазды ерітіндімен неғұрлым қарқынды ластану нәтижесінде ол іс жүзінде жоғалып кетеді. Бұрғылау қондырғыларын тасымалдау, жолдар мен құбырларды төсеу кезінде өсімдік жамылғысы едәуір аумаққа жойылады.

Облыс территориясындағы топырақтың көпжылдық екпелерге, астық дақылдар алқаптарын өсіру үшін жарамсыздығы жылыжайлар қажеттілігін күшейтеді. Жергілікті шаруалардың халықты көкөніспен, жеміспен қамтамасыз ете алмауы да үлкен мәселе. Сол себептен қазіргі таңда Маңғыстау облысы аудандарында жылыжайлар салу қарқыны жақсы өсуде. Ендігі кезек осы жылыжайларды мектептерде де салу оқушылардың білімдерін тереңдете түсіп, тәжірибелік жұмыстар жасай отырып өсімдік өсіру дағдыларын дамытары анық. Жылыжайлардың мектеп аумағында орналасуы оқушылардың биология, география сабақтарында тәжірибе жасауға жақсы мүмкіндік береді. Түрлі мониторингтер жүргізу, эксперименттер жасау теориялық білімнің тәжірибемен ұштасуын қамтамасыз етеді. Жылыжайлар өсімдіктердің биосинтезі мен олардың өсуін, өнімін қолдайтын жарықтандыруды

камтамсыз етеді. Топырақты жылыту құрылғылары және инфрақызыл жылытқыштар қыс мезгілінде көкөністер мен жеміс-жидектердің тоңбауына септігін тигізеді.

Жылыжайларда сабақтар өткізу мұғалімдер үшін көрнекі, қызықты факультатив сабақтарын өткізуге керемет мүмкіндік болып табылады. Сондай ақ, мектеп бағадарламасын тәжірибелік сабақтармен де толықтырады. Оқушылар жидектер, көкөністер мен шөптер өсіреді, ал жиналған өнімдер мектеп командалары арасындағы демонстрациялық жобалар мен жарыстарда қолданылады.

Қорытындылай келе, барлық білім алушылардың ойларындағы экологиялық мәдениеттің пайда болуы, дамуына білім беру ұйымдары үлкен рөл атқаратындығын айтуға болады. Жаратылыстану білімі экологиялық мәдениеттің негізін салушы болып табылады. Бұл оқушылардың экологиялық ойлауына, қоршаған ортаны тануына, табиғатты тиімді пайдалануды үйренуге үлкен көмегін тигізеді анық. Оқушылар өз туған өлкесін жақын тани отырып, оны аялауға, зиян тигізбеуге барынша дағдыланады. Қазіргі заманғы проблемаларды көре отырып, оларды шешу жолдары туралы ойланады, ойлау қабілеттерін дамытады. Бүгінгі күндегі оқушылардың үлгі тұтарлық іс - әрекеттері, атап айтқанда, сенбіліктерге белсенді қатысып, ағаштар отырғызып, қоршаған ортаны көгалдандаруға өз үлестерін қосуы, пластикалық бөтелкелерді және макулатураны қайта өңдеуге экопункттерге өткізулері, қоқыстарды жіктеуі көз қуантады. Бұл әрине білім ордасында қалыптасып жатқан экологиялық білімнің үлкен жетістіктерінің бірі екені хақ.

Әдебиет тізімі:

1. Досмаханова, М. С. Білім алушылардың экологиялық мәдениетін қалыптастыру / М. С. Досмаханова. — // Молодой ученый. — 2014. — № 1.2 (60.2). — С. 22-23. — URL: Білім алушылардың экологиялық мәдениетін қалыптастыру | Статия в журнале «Молодой ученый» (moluch.ru).

2. Нурбай Р. ЭКО образование в РК: экологический предмет в школах и координационный совет strategy2050.kz: <https://strategy2050.kz/ru/news/eko-obrazovanie-v-rk-ekologicheskiiy-predmet-v-shkolakh-i-koordinatsionnyy-sovets/>.

3. Нұр-Сұлтанда "Жасыл мектептер" жобасы іске қосылды | informburo.kz

4. Оқуов Н. Маңғыстаудың экологиялық ахуалы қалай? // Маңғыстаудың экологиялық ахуалы қалай? - Әңгімелер / Мақалалар - (bilim-all.kz).

5. Маңғыстау облысының 2022 жылдың қаңтар – шілдедегі әлеуметтік-экономикалық даму қорытындылары.

6. Бутырина Н. Каспийская консолидация <https://dknews.kz/ru/chitayte-v-nomere/248455-kaspiyskaya-konsolidaciya>

7. Общая экологическая обстановка в Мангистауской области - Анализ использования земельных ресурсов (studbooks.net).

ӘОЖ 504.05

«ЖАСЫЛ» МЕКТЕП - ТҰРАҚТЫ ДАМУ ҮШІН БІЛІМ БЕРУ ҮЛГІСІНІҢ НЕГІЗІ

Комирбаева Кулайша Сейтжановна

Әли Мүсілімов атындағы №101 мектеп-лицей, Қызылорда, Қазақстан
mektep_101@mail.ru

Аңдатпа: Дүние жүзіне барған сайын таралып, табиғатқа қолайлы дизайнды, ресурсты үнемдейтін инфрақұрылымды және салауатты өмір салты үшін практикалық оқытуды біріктіретін «Жасыл» мектептер тұрақты даму үшін экологиялық білім берудің инновациялық моделін біртіндеп қалыптастыруда. «Жасыл» мектепте энергия үнемдейтін технологиялар, сыныптарда табиғи жарықтандыру, таза ауа және т.б. қолданылады. Соңғы уақытта «Жасыл» мектептердің күн тәртібіне климаттың өзгеруі, жаңартылатын энергия көздері, көміртегі бейтараптығы мәселелері енгізілді.

Түйін сөздер: тұрақты даму, жасыл мектеп, экология, табиғатты қорғау, экологиялық білім.